

Ахметов Шәки

1921 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы 1 Май ауылдық кеңесіне қарасты Байғабыл ауылында туған. 1942 жылы маусым айында әскерге шақырылған. Шұбаркөл станциясында әскери дайындықта болып, 169-дивизияның 1-батальон құрамында волга өзенінің бойында, Бекетовка ауданында кескілескен ұрыстарға қатысады. 1944 жылы ауыр жараланып, госпитальда ұзақ емделіп, 2 – топтағы мүгедек болып елге оралған. Елге келгеннен кейін көп жыл бойы аудандық әлеуметтік мекемеде, аудандық Живсырье мекемесінде жұмыс атқарып, 1974 жылы зейнеткерлікке шығады. «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған. 1982 жылы қайтыс болған.



